


Тең мүмкіндіктер жасаймыз

GRI 2-7 Біз барлық жұмыскерлеріміз үшін тең мүмкіндіктерге ықпал ететін инклюзивті және құрметті жұмыс ортасын құруды қолдаймыз.

Қор тобында 2024 жылдың аяғында 263 942 адам жұмыс істейді (есепті кезеңнің 31 желтоқсандағы жағдай бойынша орташа тізімдік саны), оның 97% тұрақты негізде жұмыспен қамтылған. Соңғы төрт жылда Қорда жұмыскерлер санында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Жұмыскерлердің ең көп саны көлік-логистика секторына (51%) және мұнай-газ секторына (24%) тиесілі.




Секторлар бойынша персоналдың
құрылымы, 2024 жыл



Жасы бойынша әкімшілік-басқару және өндірістік
персоналдың құрылымы, адам



Гендерлік белгісі бойынша қор
персоналының құрылымы



- Көлік-логистика секторы
- Мұнай-газ секторы
- Тау-кен металлургия секторы

- Телекоммуникациялық сектор
- Электр энергия секторы
- Өзгелері

- 30 жасқа дейін
- 30–50
- 50-ден астам

- Еркектер
- Әйелдер



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

Қордың елдің әл-ауқатына
қосқан үлесі

Біз қалай жұмыс
істейміз

● Біздің
адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

2024 жылдың соңында штаттан тыс жұмыскерлер саны 11 650 адамды құрады.

GRI 2-8 Штаттан тыс мамандар портфельдік компаниялардың қызметіне елеулі үлес қоса отырып, қысқа мерзімді және орта мерзімді жобаларда негізгі рөл атқарады. Олардың жұмысы мамандандырылған өндірістік функциялардан бастап, аударма қызметтерін, жұмылдыру және басқа да бағыттарды қоса алғанда, әкімшілік қолдауға дейінгі міндеттердің кең ауқымын қамтиды.

GRI 405-1 Біздің портфельдік компаниялардың өндірістік қызметінің ерекшелігі ерлердің дәстүрлі басымдығына әкеледі, 2024 жылы жұмыскерлер құрылымындағы ерлер үлесі 74%-ды, әйелдер үлесі 26%-ды құрады.

GRI 3-3 Жалақының өсуі мәселесінде Қорда гендерлік белгісі бойынша кемсітушілік жоқ, ал жұмыскердің сыйақысының ұлғаюы тиісті лауазым жалақысының ауқымына байланысты.

Белсенді ақпараттандыру саясаты қолданылады және кемсітушілік жағдайлары тіркелген жағдайда түзету шаралары қабылданады.

Біз әйелдерді кәсіби жолдың түрлі кезеңдерінде - ана болуға, жұмыс пен жеке өмірдің арасындағы теңгерімге байланысты мәселелерді қоса алғанда, қолдауға бағытталған шараларды іске асырудамыз.

GRI 401-3 2024 жылы 6 633 әйел мен 544 ер адам күтімі бойынша декреттік демалыс рәсімдеді. Ана/әке болу демалысы аяқталғаннан кейін Қорда жұмыс істеуді жалғастырған жұмыскерлер саны 3 521 адамды құрады.

GRI 401-3 Қор Тобының барлық жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүктілігі және босануы бойынша немесе бала күтімі бойынша демалысқа құқығы бар.


Жүктілігі және босануы бойынша демалыс және бала күтімі бойынша демалыс ресімдеген жұмыскерлердің саны, адам

	Барлығы		Барлығы
	Еркектер	Әйелдер	
Декреттік демалыс			
Жүктілігі және босануы бойынша немесе бала күтімі бойынша демалысқа құқығы болған жұмыскерлердің саны (ҚР ЕК сәйкес)	196 370	67 573	263 942
Жүктілігі және босануы бойынша демалыс және бала күтімі бойынша демалыс ресімдеген жұмыскерлердің саны	544	6 633	7 177
Ана/әке болу демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған жұмыскерлердің саны	261	3 260	3 521
Ана/әке болуға байланысты демалыс аяқталғаннан кейін өткен жылы жұмысқа оралған және ¹² айдан кейін жұмысын жалғастырған жұмыскерлердің саны	161	1 969	2 130
Есепті жылы ана/әке болу бойынша демалыс аяқталғаннан кейін жұмысқа оралуға тиіс жұмыскерлер саны	169	3 994	4 163

**GRI 2-24
GRI 3-3
GRI 406-1**

Қор мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған инклюзивтілік саясатын белсенді іске асыруда. Бүгінде бізде мүмкіндігі шектеулі 3 007 адам жұмыс істейді, олардың ішінде ең көбі Маңғыстау облысында (433 адам). Қордың [QSamruk.kz](#) бос жұмыс орындары платформасында мүмкіндігі шектеулі адамдар (мүгедектігі бар адамдар) үшін бос орындар орналастырылған арнайы бөлім бар.

Мүмкіндігі шектеулі жұмыскерлердің саны, адам



**GRI 2-24
GRI 3-3
GRI 406-1**

Біздің Бастамашылық ақпараттандыру саясатымызға сәйкес кез келген қызметкер кемсітушілік жағдайлары туындаған кезде Жедел желіге жүгіне алады. Есепті жылы кемсітушіліктің үш жағдайы тіркелді («Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-да). Әрбір жағдай бойынша туындау себептері мен жағдайларын егжей-тегжейлі зерделей отырып, қызметтік тергеулер жүргізілді. Нәтижесінде мынадай шаралар қабылданды: бір қызметкермен еңбек шарты бұзылды, бір қызметкер лауазымын төмендете отырып, басқа заңды тұлғаға ауыстырылды, ал бес қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Болашақта осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында ұжымдармен түсіндіру іс-шаралары жүргізіліп, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының Әдеп және мінез-құлық кодексінің нормаларын сақтау бойынша ұсыныстар берілді.